**Байгундинов Ельдос Нагымбаевичтің 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық құқықтық ерекшеліктері (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | «Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық құқықтық ерекшеліктері (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмыс 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне, 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және халықаралық жалпыға бірдей нормативтік құқықтық актілерге сәйкес реттеліп орындалған. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды,ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижелері мен қорытындыларының толықтығына дәлел ретінде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ізденушінің аталмыш ғылыми жұмысты орындау барысындағы жарияланған келесі еңбектерінен көруге болады. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны 7 мақалада, оның ішінде 1 мақала «Scopus» компаниясының мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала халықаралық ғылыми журналдарда жариялғандығынан маңыздылығының ашылғандығын байқауға болады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары. Оны зерттеу барысында алынған нәтижелерден көруге болады. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген.<br>4.2 Диссертация мазмұны диссертациятақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды<br>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді<br>4.4. Диссертацияның барлық | Диссертациялық зерттеу жұмысы логикалық жағынан дұрыс аяқталған және ішкі бірлігі бар кешенді еңбек болып табылады. Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі негізделген. Зерттеу мақсаты мен міндеттері қорғауға ұсынылған тұжырымдар орынды.<br>Диссертациялық жұмыста жаңа туған баланы анасының өлтіруінің құқықтық болмысы, мемлекеттік заңнаманы құқықтық реттеуінің теориялық негіздері, жаңа туған баланы анасының өлтіру үрдісін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибесін салыстыру нәтижесінде құқықтық реттеу тәсілдерін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен еліміздегі жаңа туған баланы анасының өлтіру үдерісін қылмыстық құқықтық реттеу тетіктерін қамтамасыз ету шаралары қарастырылған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңаболып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | 1-нәтижені жаңа деп есептеуге болады, өйткені ҚР заңнамасында жаңа туған бала және бала арасындағы шекара белгіленбеген. Сондықтан диссертант ҚР Қылмыстық Кодексіне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексіне жаңа анықтамаларды енгізу ұсынылып отыр.<br>2-нәтиже жаңа болып табылады, себебі диссертант «ҚР Қылмыстық Кодексіне» терең талдаулар жасай отырып, «*физиологиялық босану басталған кезден*», «*немесе босанғаннан кейін бірден*» ұғымдарымен өзгерту және тиісті бапты 2-ші бөлікпен толықтыруды ұсынып отыр.<br>3-нәтиже Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде акселерация кеңінен таралғаны белгілі, осыған байланысты *14 жастан бастап* қылмыстық жауапкершілік ұсынылып |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделгенбе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | отыр.<br>4-нәтиже Босанудан туындаған психикалық бұзылудың жай-күйі ғана емес, сондай-ақ психикалық бұзылудың жағдайлары болып табылатындығын ашып көрсетті.<br>5- нәтиже Жаңа туған баланы анасының өлтіруі қылмысын алдын алу мақсатында Бас Прокурордың 11.12.2017 ж. №155, Ішкі Істер Министрінің 7.12.2017 ж. №821, *органдарды қылмыстың алдын алу және оған қарсы күрес мәселелері бойынша өзара хабардар ету тетігі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы»* бірлескен бұйрығына толықтырулар енгізу ұсынылды. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Анасының жаңа туған баланы өлтіруі қылмыстық құқық бұзушылығын әрекет немесе әрекетсіздік арқылы жасауды саралау бойынша осыған дейінгі жасалған ұсыныстар негізінде қоғамға қауіпті әрекетті азайту бойынша жаңартылған ескертпе шаралар бағдарламасы ұсынылады.<br>Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 100-бабында көзделген қылмыс құрамы талданады, сондай-ақ ғылыми әдебиетті, нормативтік актілерді, статистикалық материалдарды, өз бетінше алынған эмпирикалық деректерді жан-жақты зерделеу негізінде теориялық және қолданбалы сипаттағы мәселелер қаралады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Зерттеу жұмысының нәтижелерінің бірі медициналық нормаларды негізге ала отырып «жаңа туған бала» терминіне заңи тұрғыда анықтама берілген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауапберу қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | 7.1 Диссертация бойынша әр қағидат дәлелденген. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтері бойынша (qamqor.gov.kz), анасының жаңа туған баланы өлтіру мәселесіне байланысты статистикалық мәліметтерді саралап, қорытынды жасалған.<br>7.2 Диссертациялық жұмыс тривиалды болып табылмайды.<br>7.3 «Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық құқықтық ерекшеліктері (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысты толық жаңа деп есептеуге болады, себебі антиплагиат жүйесіндегі тексеру көрсеткіші 83,6 %.<br>7.4 Қолдану деңгейі кең.<br>7.5 Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындылары мақалаларда дәлелденген. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларда қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) иә;<br>2) жоқ | |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және | |
| | | расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) иә;<br>2) жоқ | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдебишолуға жеткілікті/жеткіліксіз | |
| 9. | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Диссертация бойынша ұсынылған тұжырымдар толықтай дәлелденген. Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық құқықтық ерекшеліктері бойынша қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері толық зерттеліп, толықтырулар мен өзгертулер жасалған. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ | |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Байгундинов Ельдос Нагымбаевичтің «Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық құқықтық ерекшеліктері (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Академиялық дәрежені тағайындау ережесінің» 2 бөлімінде көрсетілген талаптарына жауап береді, 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық. |

Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі 2011 жылдың 31 наурызындағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген «Ғылыми дәрежелер беру ережесі» талаптарына және ғылыми мамандық паспортына сәйкес келеді.

Диссертация анасының жаңа туған сәбиін өлтірумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық мәселелерін жетілдіруге бағытталған жаңа, ғылыми негізделген ұсыныстарын, қортындыларын, теориялық және тәжірибелік нәтижелерін қамтитын кешенді зерттеу жұмысы болып танылады.

Байгундинов Ельдос Нагымбаевичтің «Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық құқықтық ерекшеліктері (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбына жазылған диссертациясы жоғары ғылыми бағалануға, сондай-ақ оның авторы «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
заң факультеті
қылмыстық-құқықтық пәндер
кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты: М.Б. Муратханова

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН
Басқарма хатшысы-Ғалым хатшы
Г.Г. Галиакбарова

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«20» 06 2022 ж.